

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану жөне әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясының басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырылыш, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-
әділ; жаупапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Алтыншы тома абаитану саласында тауелсіздік түсінігі жарық көрген таңдамалы еңбектер арнаны топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектептің білім алушылар жастағыра, ғылым мен белгілім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымығы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық алеуеттің артуына, коғамдық санаңын дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын ғынаратын, зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙ ЗАҢ ЖҮЙЕСІНЕ ЕҢГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

«Абай жазған ереженің» бірнеше баптарында қазақтың қылмыстық құқығына тиісті реформаторлық маңызда жазылған қағидалары анық байқалады. Ойшылдың прогресшіл ақыл-параты заман талаптарына сай әдептегі қылмыс құқығының кейбір институттарына, өмірдің көкейкесті проблемаларына жауап беретін идеяларды енгізгенін байқамасқа болмайды. Атап айтсақ, құқық субъектісінің қоғамдық қауіпті ісі, қимыл-әрекеті үшін және құқық бұзушының кінәсін анықтап, оған әділ жаза қолданудың маңызы өте зор болды. Себебі қазақтың әдептегі қылмыстық құқығының мазмұны кінә формаларының, әсіресе қылмысқа қатысқан адамдардың әрекеттеріне, істеген және атқарған рөлдеріне қарай нақты баға алмаған. Соның нәтижесінде қылмыскерге жаза қолданғанда әр адамның қылмыстық іс-әрекеті әділетпен бағалана қоймаған. Осы негізде субъектінің заңды жауапкершілікке тарту әр уақытта формальді мазмұнмен шектелініп отырған.

Абайдың әдептегі құқықтық жүйеге деген реформаторлық көзқарасы жаңа идея ретінде қылмыс жасауды ұйымдастырған және қылмысты құні бұрын келісіп жасағандардың жазасын ауырлату қажеттігіне көмегі көп болды. Бұл талап «Абай жазған ереженің» 33-бабында өзінің шешімін мына мағынада тапты: «Ұрыс-төбелес шығарғандар ат-шапаннан бастап үш отызға дейін сұраушының пайдасына шешеді. Оны ұйымдастыруши басқаларға қарағанда айыпты молырақ төлейді. Бұзақылық жасағандарға болыстың өкіміне орай және жағдайға қарай билердің билігі бойынша ақшалай айып салынады, жер аударылады немесе түрмеге жабылады» [1]. Қылмыс жасаған адамдардың әрқайсының жеке рөлін, атқарған іс-әрекетін нақтылы анықтап, оған кінәсінің ауырлығына қарай жаза қолдану барлық өркениетті елдердің қылмыстық құқығына енген негізгі талаптардың бірі

екені ақиқат. «Абай жазған ережеде» осы идея мазмұнды мағынада өзінің шешімін тауып, көрегендікке үласқаны бәрімізді таңданырады.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда құқықтық ой-пікірді дамытуға Абайдың қосқан үлесі зор. Азғырушылар мен көмектесушілердің қылмыстық жауапқа тартылуының негізін нақтылы айқындал, тиісті жаза қолдану мен қылмыскердің атақ, дәрежесіне, лауазымына қарамастан женіл жазамен шектелмеуді жан-тәнімен жақтауы – соның айқын дәлелі.

Айтылмыш ереженің 40-бабында осы мәселе өзінің шешімін мынадай мағынада тапқан: «Ұрлықты ұйымдастыруға тұрткі болғандар басқалармен бірдей жазаға тартылады. Дүре таяғы көбінесе ұрлықтан үлес алған немесе алуға тиісті ауқатты адамдарға да соғылады» [2]. Байқап қарасақ, Абайдың ойынша, жеке адам зан алдында тен құқылы болып, қоғамға зиянды әрекеттер істегенде де сол мазмұнмен талап қойылуы француз революциясының 1789 жылы қабылдаған әйгілі адам және азаттық құқығының декларациясы бекіткен мынадай бабымен біршама сабактас сияқты болып көрінеді. Айталақ, онда: «Зан барлығына қамқорлық жасаған жағдайда, сонымен қатар жазалағанда да бірдей болуы тиіс» [3, 208], – деп көрсетілген.

Бірақ, Абай барлығына да бірдей тен жауапкершілікті қолдай отырып, ауқаттыларға тән жазасын көбірек қолдануды жақтайды. Мұндай көзқарас қалай айтсақ та ортағасырлық, дөрекі, жұдырық құқын жандандырумен тәпе-тен және әлеуметтік прогрессе барап жолдан бір адым артқа шегінгендік болып табылатыны сөзсіз. Дегенмен де, қазақ қоғамының сол замандағы тарихи-әлеуметтік жағдайында тән жазасын ауқаттылар өкілдеріне қолдану практиканың міндеттерімен тікелей байланысты деп тұжырым жасауға болады. Себебі патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі істеген қылмыстық қымыл-әрекеті үшін кінәлі болған жағдайда да сот шығарған үкімдерді орындаудан амалын тауып бас тартып отырған. Абай осы мәселені жақсы түсінген, ауқаттылардың істеген қылмысына қарай тән жазасын қолдану туралы шығарылған үкімнің тиімді жағы – дәл сот процесі

болған жерде оған дүре соғу, яғни үкімді көпшілік алдында орындау. Абайдың ойынша, тән жазасын шынжыр балақ, шұбар тәстердің өкілдеріне қолдану – әділ сottың бәріне бірдей екенін халық алдында дәлелдей түсү болса керек-ті.

Жалпы тән жазасын қолдану қазақтың әдettіk құқық жүйесіне тән емес. Ол туралы кезіндегі Шоқан Уәлиханов өзінің «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде айқын жазды [4, 143]. Тән жазасын қолдану туралы революцияға дейінгі зерттеушілердің де және осы күнгі ғалымдар арасында да бір-біріне қарамақайшы келетін пікірлер бар. Атап айтсақ, Тәуке ханның «Жеті жарғысында» тән жазасын қолдануда дүре соғу көрсетілмеген. 1886 жылы Семей облыстық статистикалық комитетінің зерттеушілері жазған еңбекте: «Тән жазасы... орыстардың енгізген жаңалығы және тіптен зауықсыз қолданылады» [5, 282], – деп көрсетіледі. Бірақ тән жазасына деген мұндай көзқарас қазақтың әдettіk құқығын молынан зерттеген Д. Садуақасовтың еңбегімен жоққа шығарылғандай болады. Қазақ қоғамында «тән жазасы бар, бірақ туыстары ұрады» [6, 263], – дейді ол. Яғни, кінәлі болған бойжеткенді жазалау әдette оның анасына тапсырылатын болған. Ал ана шіркіннің өз баласы – бауыр етіне қалай қол жұмсайтыны белгілі ғой. Демек оны жазалау үғымына жатқыза қою қыын.

Кеңес дәуірінде бұл проблематиканы айқындауга С.Л. Фукс біршама атсалысты. Ол өзінің жүргізген зерттеуінде бірнеше құқылық мұраларға талдау жасап, мынадай тұжырымға келді: «Тән жазасы кең көлемде отырықшы көршілерінен шарифат шарттарын алып пайдаланудың нәтижесінде қолданыла бастады» [7, 114]. Байқап қарасақ, революцияға дейінгі Қазақстанда және Орта Азияда «дүре соғу» деген ұфым ескі заманнан қалыптасып, парсы тілінен аударылғанда қамшы, бишік деген мағынаны білдіреді екен. Қазақ Совет энциклопедиясының мәліметі бойынша, дүре – «феодалдық дәуірде Қазақстанда және Орта Азияда айыпты деп табылған адамды қамшы немесе шыбықпен соғатын жаза» [8, 56]. Бұл мәліметтің мазмұнына қарағанда дуренің қазақ қоғамында қолданылғанын анғарамыз. Ал мұсылман құқығы құқық бұзушылық жасаған адамға тән жазасын қолдануды шарифат шарттарына енгізген. Оның екі түрі

бар: біріншісі «хадд» – тәртіп бұзған адамды бишікпен немесе таяқпен 40-тан 100-ге дейін соғу. Екінші түрі «тазир» – ғибратты жаза ретінде шыбыртқымен 39 реттен асырмай соғу.

Біздің ойымызша, Абайдың ережеге тән жазасын енгізуі орыс және мұсылман құқық жүйелерінің тікелей әсерінен болған көрініс. Абай дүре соғуды енгізгенімен сот практикасында билер бұл жазаны өте сирек қолданған. Дүре соғуды негізінде құқық бұзушылық жасаған руласына жақын туыстары қолданған.

Абайдың реформаторлық қезқарасында нақты қылмыска қатысу мен қылмыска катысты барлық институттарының айырмашылығы айқын көрінбейді. «Абай жазған ереженің» мазмұнына талдау жасасақ, мынаны анық байқауға болады: күні бұрын уәде бермей жасырғандық және қылмыстың істелgelі жатқанын немесе істелген қылмысты хабарламау жалпы қылмыска қатысу институтымен қамтылады. Абай осы курделі мәселені өз тарапынан шешуге ат салысып, қазақтың қылмыстық әдеттегі құқық жүйесіне, жалпы революцияға дейінгі қазақ қоғамының саяси-құқылық ой-пікіріне терен мағыналы өзгеріс енгізеді. Мәселен, ереженің 61-ші бабында мынадай норма бекітіледі: «Ұрлық үшін кесілген мал алынып беріледі. Ұрының өзінен және оған серік болған жолдасынан, ат беріп аттандырған, еріп барған, ұрлық малды жасырысқан, оны біле тұрып хабарламагандардың малы жоқтығына қарамай айып салынады». Мұқият оқып, байқап қарасақ, Абайдың идеялық ойлау жүйесі қылмыс істеген субъектілердің қылмыстық қимыл-эрекетіне, атқарылған рөліне және кінәсінің қоғамға қауіптілігіне қарай жауапқа тартылуын және жазаның да соған байланысты болуын негізгі талап ретінде таниды және соны ереже нормасына енгізеді. Ал қазақтың қылмыстық әдеттегі құқығы жаза қолданғанда нақтылы, айқын түрде қылмыска қатысқандардың әрқайсысының ниестін ашып көрсетіп, баға бермеген. Сол себептен қылмыскерге жаза қолдану барысында билер соты олқылықтар мен қателіктер жіберіп отырған. Абайдың аталмыш концепциясы қазіргі заманда өз елімізде қолданылып жүрген Қылмыстық кодекстің 17-бабының 7-тармағымен өте үндес екенине әбден көзіміз жетеді. Онда: «Қылмыска қатысушылардың жазасын тағайындағанда сот олар-

дың әрқайсысының қылмыс істеуге қатысу дәрежесін, қатысу сипатын еске алуы тиіс» [9, 14], – делінген. Міне, байқап қарасақ, Абайдың реформаторлық идеялары өз заманының шенберімен шектелмей, біздің дәуірімізben де үндесіп, сот практикасында қолданылып жүр екен. Сондыктан да мұны қазақ заң жүйесін дамытуға қосылған өлшеусіз үлес деп тануымыз керек.

Абай қазақ қоғамында бірнеше рет қайталанып істелген қаныпезерлік қылмысты қоғамға қауіпті қымыл-эрекет деп біледі. «Абай жазған ереженің» 61-бабында осы мәселе туралы: «Үш рет ұрлығы мойнына қойылып одан тыйылмағандарды жұрт өкім шығарып, арасынан аластағаны жөн» [10], – деген шарт бар. Экстенсивтік көшпелі қазақ қоғамында рудан қуылу деген ең ауыр және қатал жазаның түрі реттінде ерекше жағдайда, өте ауыр қылмыс жасаған субъекті абсолюттік еркіндікпен жазаланады. Қазақ қоғамында қауымнан қуу деген, ол адамға ешқандай зан жүрмейді, жалпы қоғамдық қатынастарды реттейтін заның шенберімен қамтылмайды, яғни, адам – руластарына адам болудан қалады деген сөз. Негізінде мұндай үкімнен тек қана өлім қорқынышты болған. Рудан қуу туралы үкімді шығару тек билер сотының ырқында емес, бүкіл ру ақсақалдары кенесіп, құқық бұзушылық жасаған адамның кінәсінің ауырлығын ескере отырып, түзелмейтініне көздері әбден жеткен соңғана, оның атына лағнет сөздер айтып рудан қуылатын болған. Руластар атынан ұйғарым жасаған соң ол адаммен ешкімнің сөйлесуге құқы болмаған. «Етегін кесіп, елден кетіру» деген мағынамен іс жүзіне асырылып отырган.

«Абай жазған ереженің» баптарында қылмыстың субъективтік жағына да ерекше көніл болінген. Оның қылмыстық құқық саласындағы терен ойы, айтылған тұжырымдары бүгінгі күні сот практикасында қолданылып жүрген теориялық біліммен ұштасатынына қайран қаласыз. Сондай идеялардың бірі – қылмыстың субъективті жағын қамтитын қылмыскерлердің ниеті туралы. Абай қылмыскердің ниетіне орасан зор көніл бөледі. Адам істеген қылмысты күні бұрын ойлаған ниетпен істесе, оның қоғамға қауіптілігінің мәні ерекше деп танылып, соған тиісті

жазаның да ауыр болуын талап етеді. 50-ші бапта ол осы идеяны мынадай нормага айналдырады: «Мұлікті сыйндырып кіру арқылы немесе күні бұрын ойланған ниетпен істегені үшін зияндылыққа қосымша 1-ден 3 тоғызға дейін айып өндіріледі» [11, 7]. Қазіргі қылмыстық құқық теориясында қылмыстың құрамынабаға беріп, оның субъективтік жағын анықтағанда Абайдың аталмыш идеясын жақтаушы ғалымдар өте көп және сот практикасында жаза қолданғанда осыны негізге алатындар басым түсетінін айта кеткен жөн. Мысалы, белгілі қылмыстық құқықтың теоретигі В.Д. Меньшагиннің мына тұжырымы Абайдың пікірімен үндес, оның ойын жаңа заманда алға қарай дамытқандай: «Ұзақ уақыт бойы қылмыс істеуге ниет білдіру – негізінде кенеттен пайда болған ниетке қарағанда адамның қасақана істеген қылмысының қоғамдық қаупі үлкен екенін аңғартады» [12].

Қазақ қоғамына Ресейдің отарлық саясатының тікелей әсерінен көшпелі қауымға мүлдем беймәлім болған және рұлық, қауымдық санасты мен психологиясына мүлдем жат қимыл-эрекеттер: ұрлық істеу, ішімдікке салыну сияқты мінез-құлықтарды қазақ даласында жая бастаған еді. Қазақ қоғамында Ресейдің қол астына кіргенге дейін ұрлық деген өте сирек болған. Халқымыздың осындағы тамаша қасиеттері туралы Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта қазақ қоғамын зерттеген орыстың зерттеушілері де көп жазып, мойындағы баяндаған. Мысалы, 1886 жылы Семей облыстық статистикалық комитетінің қызметкерлері жазып қалдырган еңбектен мына сөздерді оқимыз: «Так у них не только оставляются отпертыми юрты во время отсутствия хозяев, но даже в летние месяцы, в кочевое время, на зимовках оставляются многие вещи, неудобные для перевозки или же лишние летом... в городах и селениях все виды кражи, перенятые киргизами у русских и татар и практикуемы преимущественно по отношению к ним» [13]. Қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпты хақында құнды еңбектер қалдырган орыс зерттеушісі Н.П. Рычков жүрткымыздың тамаша қасиеттеріне қайран қалып: «Қазақтар... арасынан әділ де кішіпейіл адамдарды көптеп кезіктіреміз. Көптің ішінде кім кезікпейді десек те, жалпы алғанда бұл

халық пайдакұнемдік, мекерлік, қарақшылық пен аярлық сияқты жағымсыз қасиеттерден ада. Шындығында өздері секілді... халықтармен салыстырғанда қазақтардың табиғи ой-түйсігі біршама жоғары» [14], – деп жазады.

Қазақ өмірінің әлеуметтік практикасының білгірі, ірі ойшыл философ, қазан тәңкөрісіне дейінгі қазақ когамында тұныштардың бірі болып патша Әкіметінің отарлау саясатының зардалтары мен кең байтақ даланың байлығын қанды қолын сала бастаған жауыздық әрекеттерді дер кезінде байқап, оған қарсы үн көтеріп, қалам тартқан Мәшінур-Жұсіп Көпсеев те былай жазды: «Қазақтың ортасынан құдай жаратқан билері бар заманда бұзақылық жоқ болды. Ұрлық-қарлық, өтірік-өсек дәнeme болмады. Талас-тартыс дәнeme жоқ. Халық қандай ақылды болды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды. Кеше он тоқты ұрлаған ұрыны таптырып, өлтірді. Жеті ұрыны бір көлдің басында таптырып өлтірген, сол көл «ұрының көлі» атанды. Біздін қазақ Россияға қараған соң, болыс деген, ауылнай деген шықты. Сонда болыс болдық, ауылнай болдық дегендеге заманындағы қариялар:

Болыс болдым дегенше,
Орыс болдым десенші.
Ауылнай болдым дегенше,
Ауыл айналған ит болдым десенші, –

деген екен. Сонан соң болыс ауылнайтық сайлаумен болатын болды. Жұрт құрып, су түбіне кете барды. Су түбіне кеткеннен әлі кетіп бара жатыр» [15, 159-160].

Абайдың өзі де өткен дәуірдің тамаша адамгершілік, гуманистік мінезд-құлықтың жаңа заманда дағдарыска ұшырауын ашына сезініп, жағымсыз сипаттарға ұласқанына қатты қүйзеледі. Атап айтсақ, ұрлық істеудің кең етек алып бара жатқаны жаңына қатты батады. Осыған байланысты «Абай жазған ереженің» бірнеше баптарында ұрлық істеген адамға қатаң жаза қолдануды талап етеді. Әрине, қазақ даласында Батыс Еуропа, Ресей сияқты елдердегідей түрме салу дәстүрі болмағандықтан Абай ұрлық істеген адамдарға салынатын айып мөлшерін ұлғайтуды талап

етеді. Сонымен қатар «Абай жазған ереженің» кейбір баптарының санкцияларында айып төлеумен қатар дүре соғу мен камауға алуды бекіткенін байқаймыз. Жоғарыда атап көрсеткендей, Абай мұндай жаза қолдануды орыс және мұсылман құқық жүйесінен алғып пайдаланған. Мысалы, ереженің 37-бабында: «Қазақ арасындағы ұрлық үшін алынған мал қайтарылып, айып төленеді. Оған қоса ат тіркелді. Қосымша айып пен тіркелген мал бағасы бірдей болады. Жүйрік, жорғаның құны оргаша атпен тенгеріледі. Ұрының астындағы ат алынып, тиісті адамға әр ұрыдан өндірілген қосымша мал билік айтқан билерге беріледі» [16, 287], – делінген. Ал ереженің 38-бабында жоғарыда айтылған қосымша жаза туралы мынадай норма бекітілген: «Мал ұрлағандарға жаза беріледі, бір ай мөлшерінде абақтыға қамалады немесе алпыс рет дүре соғылады. Билер бұл жазаны өкім айтканда ғана жузеге асыруға бұйрық береді». Абайдың ұрыларға қосымша жаза ретінде не себептен алпыс рет дүре соғуды белгілегені бәрімізге белгісіз. Біздің ойымызша, Абай мұсылмандық құқық жүйесіндегі «хадд» жазасының орта санын алған сияқты.

Абай ұрлық сияқты қазақ қоғамына мұлдем жат қимыл-әрекеттерге қарсы аяусыз шара қолданумен ғана шектеліп коймайды. Ол сол заманда қазақ қоғамының қабырғасына батқан осы бір жағымсыз қылмысты қатты айыптай отырып, зансыз, арамтамақтықпен мал табуды кәсіпке айналдырған ұрыларды жеке меншікке қол сұғу барысында меншік иесі қылмыскерді өлтіруге дейін барса да, одан құн өтелмейтінін жақтап, жалпы жауапкершіліктен босатылатынын батыл түрде ереженің 28-бабына енгізеді. Яғни, «Өлген барымташыға, ұрыға құн төленбейді». Абай бұл нормада ұры мен барымташыны қылмыс істеп, меншікке қол сұғып жатқан сэтте, әлде жалпы қылмысты істеп болып, меншікті иеленіп жүрген кезде әшкереленсе, өлтіре ме, айқын көрсетпейді. Мұндай түсініксіз жэйттер сот практикасында зансыздыққа жол беруі әбден ықтимал. Ал ой қисынына қарағанда, Абай бұл нормада қажетті қорғану институтын енгізгенге ұқсайды. Қажетті қорғану – барлық өркениетті елдердің қылмыстық құқық жүйесінде бар институт. Республикамызда қазір қолданылып жүрген Қылмыстық кодекстің 13-бабында былай деп көрсетіледі:

«қажетті қорғану халимде, яғни совет мемлекетінің мұдделерін қоғамдық мұдделерді қорғанушының немесе басқа адамның жеке басын я құқықтарын қоғамға қауіпті қияннан қорғаған кезде, қиянат жасаушыларға зиян келтіру жолымен істелген әрекет, егер бұл әрекетте қажетті қорғанудың шегінен асып кетушілік болмаса, қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық белгілері болғанымен, қылмыс болып табылмайды.

«Абай жазған ережеде» қазақтың әдеттегі құқығында көрсетілген айып төлеу тәртібі бір жүйелі жолға түсірілді. Қазақ қоғамында құқық бұзушылық жасаған адамдарға айып салу талаптары жергілікті ерекшеліктердің негізінде жүзеге асып отырады. Әр болыстың билері қылмыстың бір түріне әр түрлі айып салады. Соңдықтан жаза колдануда қазақ қоғамында бір жүйелілік болмады. Абай осы мәселеге де орасан зор көніл бөліп, халық сотында қаралатын істерге колданылатын айыпты да ретке келтірді. Айыптың бір түрі – тоғызға ерекше назар аударады. Қазақтың әдеттегі құқығы тоғыз деп тоғыз малдан құралатын айып төлеуді айтады. Тоғыздың негізінде төрт түрі болған: түйе бастатқан тоғыз, ат бастатқан тоғыз, өгіз бастатқан тоғыз және тоқал тоғыз. Қазақ қоғамының сот практикасында тоғызды айыптың түрі ретінде қолданғанда билер оның құрамын өз тараптарынан белгілеп, әр түрлі малды енгізіп отырған. Соның салдарынан тоғыздың сапасы бір сотта басқа құрамда, ал екінші бір сотта мұлдем басқаша малдар құрамы еніп отырған және әділетсіз үкімнің шығуына жол берген. 57-бапта тоғыз аталған айыпты малға шаққанда мынадай болады: түйе бастатқан бас тоғыз: 1 түйе, 2 бие, 2 құлын, 2 құнан, 2 ат; орташа тоғызымыз – ат бастатқан тоғыз: 1 семіз ат, 2 тай, 2 тайынша, 4 бойдақ қой; аяққы тоғыз: 1 дөнен өгіз, 2 тайынша, 2 бойдақ қой, 3 тоқты.

Тоқал тоғыз жоққа шығарылады. Бұл бапта тоқал тоғыздың не себептен жойылуын Абай түсіндірмейді. Ал қазақтың әдеттегі құқығы тоқал тоғыздың құрамына тек сегіз қой енгізеді.

Абайдың қылмыстық құқық хақындағы өзіндік идеялары тек сол заман талабына ғана емес, бүгінгі құннің талаптарымен де үндес екенін анғарамыз.

Әдебиеттер

1. КРОМА, 64-кор, 1 – тізім, 2093-іс, 33-бап.
2. КРОМА, 64-кор, 1 – тізім, 2093-іс, 33-бап.
3. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран.
– М., 1984.
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1985.
5. Материалы по казахскому обычному праву. Сб. 1. – Алма-ата, 1948.
6. Сборник обычного права сибирских инородцев. – Варшава, 1876.
7. Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII-первой половине XIX века.
– Алма-Ата, 1981.
8. Қазак Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1974.
9. Қазак ССР Қылмыстық кодексі. – Алматы, 1987.
10. КРОМА, 64-кор, 1-тізім, 2093-іс, 61-бап.
11. Қөпесев М.Ж. Сарыарқа кімдік екендігі. – Қазан, 1907.
12. КРОМА, 6-кор, 1-тізім, 2093-іс, 37-бап.
13. КРОМА, 6-кор, 1-тізім, 2093-іс, 37-бап.
14. КРОМА, 64-кор, 1-тізім, 2093-іс, 50-бап.
15. Советское уголовное право. Общая часть. – М.: МГУ, 1974.
16. Материалы по казахскому обычному праву. Сб. 1. – Алма-Ата, 1948.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмагамбетов И.Н. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап еткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сез. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сез. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сойлеген сезі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп журміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіріністер. – Астана: Құлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абрахманов С. Төлтума мен телтума (зергітеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзыым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазынды, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы агартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Фылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Фаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егemen Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталаған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбагы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазак» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмагамбетов И. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы	3
Сұлтанов К. Абай – адамзатқа ортак тұлға	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша қүйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов К. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев К. Абай Құнапбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздыков К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбабагы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктеп	296

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуга 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.